

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
«Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» даярлау бағыты
бойынша

Академиялық Комитет мәжілісі
№3 ХАТТАМАСЫ

Кентау қаласы

19.03.2025 ж.

Қатысқандар: АК төрағасы, PhD, аға оқытушы Жунисов Н.М., п.ғ.к., Алиева А.О., Амиртаев К. Б. - аға оқытушы, Садыбеков Р.Ш. - аға оқытушы, Искендірова Г.С.- аға оқытушы, Байжанов М.Д. - «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Түркістан облысы бойынша өкілдігінің басшысы, Абен А.Б.- 8D06115-Ақпараттық жүйелер ББ докторанты, Исаков Д. - 7M06128- Ақпараттық жүйелер ББ магистранты, Абдіхалық А.Ш. - 6B06151-Ақпараттық жүйелер ББ студенті.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Әзірленген, жаңартылған ББ Реестрге енгізу.
2. Қаңтар, ақпан және наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.
3. Өртүрлі мәселелер
- 3.1 Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының 2025 жылғы білім беру бағдарламаларының рейтингісінің қорытындысы туралы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша АК төрағасы Н.М.Жунисов: Әзірленген, жаңартылған ББ Реестрге енгізу, Қаңтар, ақпан және наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау туралы айтты.

АК төрағасы Н.М.Жунисов: бірінші мәселе бойынша: Қазіргі уақытта Жасанды интеллекттің дамуына орай «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» даярлау бағыты бойынша «Жасанды интеллектті» игеру мақсатында кафедраға қарасты білім беру бағдарламаларында оқытылатын пәндерге «Жасанды интеллект» пәнін енгізуді қарастыру. Осыған орай кафедра ББ-ларында оқытылатын пәндерді қайта қарап, қазіргі өтіліп жатқан пәндеріміздің ішінде «Жасанды интеллект» пәні бар екенін мәлімдеді. Осы орайда, ББ-ларда өзгеріс болмағандықтан реестрге енгізбеуге болатындығын айтып, алдағы айларда ББ-ларға өзгеріс енгізетін болсақ қайта қарап, реестрге жүктеуге болатыны туралы шешім шығарылды.

АК мүшелерінің пікірлеріне жауаптар беріліп, күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ұсыныстар айтылды.

АК төрағасы Н.М.Жунисов күн тәртібіндегі мәселелерді қорытындылай келе, Қаңтар, ақпан және наурыз айларында жоспарланған жұмыстардың барлығы орындалғандығын жеткізді.

Күн тәртібінің **әртүрлі мәселелері** бойынша АК мүшесі, Амиртаев Қ.Б.: «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының 2025 жылғы білім беру бағдарламаларының рейтингісінің қорытындысы бойынша кафедраға қарасты ББ бойынша 6B06151-Ақпараттық жүйесі ББ-сы 55 ЖОО арасынан 31 орынға орынға орналасты. Көрсеткіштердің салыстырмалы түрде төмен болуы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі мен жалақының төмен болуы есебінен орын алғандығы байқалады. Алдағы уақытта бітіруші түлектермен барынша байланыс орнатып жұмыс жасау үшін жоспарлар құрылды.

Шешім:


1. Кафедра Білім беру бағдарламалары әзірге өзгеріссіз, алдағы уақытта өзгеріс енгізілетін болса Реестрге қайта өңделіп енгізілетін болады. Қаңтар, ақпан және наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесі назарға алынсын.

2. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының 2025 жылғы білім беру бағдарламаларының рейтингісінің қорытындысы талданды.

Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар

даярлау бағыты бойынша

Академиялық комитет төрағасы:

 **Н.М.Жунисов**

Хатшы:

 **Ғ.С.Искендірова**